

Қосымша білім беру бағдарламасының паспорты
«Тіл және мәдениетаралық коммуникация»

№	Өріс атауы	Ескерту
1	Қосымша білім беру бағдарламасының атауы	Тіл және мәдениетаралық коммуникация
2	БББ түрі	Minor қосымша бағдарлама
3	БББ мақсаты	Студенттердің тілдік, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру, кәсіби және мәдениетаралық ортада ағылшын тілінде тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Бағдарлама білім алушылардың халықаралық коммуникация, мәдениетаралық өзара әрекеттесу және аударма қызметі саласындағы мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған.
4	ХҚКО бойынша деңгей	6
5	ҰБШ бойынша деңгей	6
6	СБШ бойынша деңгей	6
7	БББ айрықша ерекшеліктері	-
8	Серіктес ЖЖОКБҰ (Бірлескен БББ)	-
9	Құзыреттер тізімі	<p>Қ1 – Күнделікті және кәсіби қарым-қатынас жүргізуге мүмкіндік беретін деңгейде ағылшын тілін меңгеру.</p> <p>Қ2 – Мәдениетаралық коммуникацияның негіздерін түсіну және оларды түрлі өзара әрекеттесу жағдайларында қолдана білу.</p> <p>Қ3 – Тұрмыстық, әлеуметтік және кәсіби контекстерде ауызша және жазбаша аударма жасау дағдыларына ие болу.</p> <p>Қ4 – Мәдени айырмашылықтарды талдау және коммуникациялық стратегияларды соған сәйкес бейімдеу қабілеті.</p>
10	Оқыту нәтижелері	<p>ОН1 – Оқу модулінде меңгерілген деңгейге сәйкес ағылшын тілін қолдануды көрсетеді және оны коммуникацияда тиімді пайдаланады.</p> <p>ОН2 – Мәдениеттер ерекшеліктерін талдайды және басқа елдер өкілдерімен өзара әрекеттесу кезінде мәдениетаралық коммуникация принциптерін қолданады.</p> <p>ОН3 – Түрлі тақырыптағы мәтіндерді тиісті стратегиялар мен әдістерді пайдалана отырып жазбаша және ауызша аударды.</p> <p>ОН4 – Әлеуметтік, этикалық және мәдени нормаларды ескере отырып, мәдениетаралық ортада сөйлеу мінез-құлқын бейімдейді.</p>
11	Оқыту түрі	күндізгі
12	Оқыту тілі	Қазақша, орысша
13	Кредиттер көлемі	15
14	Пәндер туралы мәліметтер	<i>Қосымша 1</i>

1 Қосымша

№	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптасқан нәтижелер (коды)
Міндетті компонент				
1	Ағылшын тілі деңгейлер бойынша	Бұл пән ағылшын тілін меңгеру дағдыларын кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталған: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу. Білім алушылар өз деңгейіне сәйкес грамматика, лексика және коммуникативтік үлгілерді меңгереді. Оқыту практикалық сөйлеу дағдыларын дамытуға және әртүрлі жағдайларда тілді сенімді қолдануға бағытталған.	5	ОН1, ОН3, ОН4
2	Мәдениетаралық коммуникация тілі	Бұл пән түрлі мәдениеттер өкілдері арасындағы өзара әрекеттесу механизмдерін ашады, мәдени кодтар, нормалар, құндылықтар және мінез-құлық үлгілерін зерттейді. Білім алушылар мәдениетаралық сезімталдық дағдыларын қалыптастырады, коммуникативтік жағдайларды талдауды үйренеді және жаһандық және көпмәдени ортада адекватты қарым-қатынас стратегияларын таңдай біледі.	5	ОН2, ОН3, ОН4
3	Ағылшын тілі және аударма	Бұл пән базалық аударма дағдыларын дамытуға бағытталған. Аударма принциптері, әртүрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс, мағынаны жеткізу және бейімдеу стратегиялары зерттеледі. Білім алушылар жазбаша және ауызша аударма бойынша практикалық тапсырмаларды орындайды, сөйлеу құзыреттілігін жетілдіреді және кәсіби сөздік қорын кеңейтеді.	5	ОН3
Барлығы:			15 кредит	